

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
С. Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ**

Педагогикалық кеңестің отырысында қабылданды



Жақия М.М.

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

«Жас Ақын» үйірмесі

Бағыты: общественно-гуманитарное

Оқушылардың жасы: 10-14 жас (6-9 сынып)

Бағдарламаны іске асыру ұзақтығы: 1 жыл

**Құрастырушы:
Нуржанова Т.М.**

Қостанай, 2025

«ЖАС АҚЫНДАР» ҮЙІРМЕСІ

Түсінік хат

Қазақ халқы ежелден сөз өнерін қастерлеп, өлең-жырды рухани байлықтың биік шыңы ретінде бағалаған. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жыраулар поэзиясы, ақын-жазушылардың мұрасы – ел тарихын, ұлттық дүниетаным мен тәлім-тәрбиені танытатын асыл қазына.

Қазіргі уақытта өскелең жас ұрпақты әдебиетке, поэзияға баулу – мектептің басты міндеттерінің бірі. Осыған байланысты «Жас ақындар» үйірмесі құрылып отыр. *Үйірменің басты мақсаты* – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, сөз өнеріне деген қызығушылығын ояту, ұлттық рухани құндылықтарға баулу.

Бағдарламада оқушыларға:

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығын таныстыру;

Өлеңнің құрылымы мен көркемдік тәсілдерін меңгерту;

Шығармашылық ізденіске бағыт беру;

Авторлық өлеңдерін жазуға мүмкіндік жасау;

Мәнерлеп оқу мәдениетін қалыптастыру көзделген.

Мақсаты:

Оқушылардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру;

Әдебиетке сүйіспеншілігін қалыптастыру;

Шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Қазақ тілін құрметтеуге, сөз өнерін қастерлеуге баулу.

Міндеттері:

Оқушыларды қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығымен таныстыру;

Өлең құрылымы, ұйқас, теңеу, эпитет сияқты әдеби ұғымдарды меңгерту;

Шығармашылық жұмыстар (өлең, шағын әңгіме, эссе) жаздыру;

Өзіндік пікір айтуға, сахнада өлең оқуға дағдыландыру;

Жас ақындардың шығармаларын жинақтап, мектеп қабырғасында насихаттау.

Үйірменің жұмыс формасы:

Әдеби кештер;

Ақын-жазушылар шығармашылығына арналған кездесулер;

Шығармашылық байқаулар («Жас ақындар жыр мүшәйрасы»);

Өлең оқу, талдау, пікір алмасу;

Авторлық өлеңдерін жинақтау, қабырға газетіне шығару.

Күтілетін нәтиже:

136 сағат ішінде оқушылар өлең жазу дағдыларын қалыптастырады;

Әдебиетке қызығушылықтары артады;

Авторлық шығармалар жинағы құрастырылады;

Мектепшілік, қалалық, облыстық деңгейдегі мүшәйраларға қатысуға дайын жас ақындар тобы қалыптасады.

«Жас ақындар» үйірмесінің жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1-тоқсан 36 сағат «Өлең өлкесіне саяхат»			
1	Ақын деген кім? Поэзияның ерекшелігі	4	03.09 05.09
2	Қазақ поэзиясының тарихы: жыраулар мұрасы	8	10.09 12.09 17.09 19.09
3	Абай шығармашылығы. Ұйқас түрлері. Өлең құрылымын талдау	12	24.09 26.09 01.10 03.10 08.10 10.10
4	Шығармашылық тапсырма: табиғат туралы өлең жазу	12	15.10 17.10 22.10 24.10 05.11 07.11
5	М.Дулатов, С.Көбеев шығармалары. Оқушылардың пікірталасы	8	12.11 14.11 19.11 21.11
6	Авторлық өлеңдер жинақтау, талдау	12	26.11 28.11 03.12 05.12 10.12 12.12
7	Қорытынды сабақ: «Менің алғашқы өлеңім»	8	17.12 19.12 24.12 26.12
8	XX ғасырдағы қазақ ақындары: С.Мәуленов, Ғ.Қайырбеков	12	09.01 14.01 16.01 21.01 23.01 28.01
9	Әдебиеттегі көркемдік тәсілдер: теңеу, эпитет, метафора	12	30.01 04.02 06.02 11.02 13.02 18.02
10	Шығармашылық жұмыс: «Менің отбасым» тақырыбына өлең жазу	8	20.02 25.02 27.02 04.03

11	Өлеңді мәнерлеп оқу, сахналық мәдениет	4	06.03 11.03
12	Қазіргі ақындар шығармашылығымен танысу	8	13.03 18.03 01.04 03.04
13	«Менің туған жерім» атты шығармашылық байқауға дайындық	4	08.04 10.04
14	Тәуелсіздік дәуіріндегі поэзия	4	15.04 17.04
15	Жас ақындардың шығармаларын оқу және талдау жасау	4	22.04 24.04
16	Қайталама: ұйқас, теңеу, метафора, ырғақ	4	29.04 01.05
17	Өлеңдер жинағын құрастыру	4	06.05 08.05
18	Оқушылардың авторлық шығармаларын талдау	4	13.05 15.05
19	«Жас ақындар жыр мүшәйрасы» байқауына дайындық	4	20.05 22.05
Барлығы 136 сағат			